



Ғалымдардың Еуразиялық экономикалық клубы  
Eurasian Economic Club of Scientists  
Евразийский экономический клуб ученых



**G•GLOBAL**

«Қазіргі ғаламдық тұрақсыздық- бұл тек экономика дағдарысы ғана емес, халықаралық құқық пен ғаламдық саясаттың да дағдарысы. Оларға G-8 және G-20 шамасы келмей отыр. Сол себепті мен 2012 жылы G-GLOBAL бастамасын ұсындым. Оған 160 ел интерактивті түрде қатысады. G-GLOBAL әлемнің XXI ғасырдағы іргелі қағидаларын: эволюция; әділдік; теңдік; консенсус; ғаламдық төзімділік және сенім; ғаламдық ашықтық; сындарлы көпполярлылықты қамтиды.

Орын алып отырған ғаламдық мәселелер халықаралық құқық, сыртқы саяси тәжірибе мен халықаралық қатынастар орнату әдістеріне түбегейлі өзгерістер енгізгенде ғана шешімін табады деп санаймын. Сондықтан біздің G-GLOBAL қағидалары туралы ұсынымыз әлемдік қауымдастық үшін дәл бүгінгі күні айрықша пайдалы. Олар әлемдік дамуды сындарлы сипатқа ие ететініне кәміл сенемін.



«G-GLOBAL коммунникативті алаңы» (<http://www.group-global.org>) - Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен әлемдік қаржылық дағдарыстан шығу механизмдерін жасау мен талқылауға бағытталған халықаралық виртуалды жоба.

G-GLOBAL - бұл өзара ынтымақ пен қарым-қатынасқа барлық мемлекеттер, әлемдік саясаттың мемлекетаралық үкіметтік емес субъектілерін, сондай-ақ жекелеген саясаткерлер, қоғам қайраткерлері, сарапшылар мен ғалымдарды шақыру. G-GLOBAL – дың жұмыс алаңы Астана экономикалық форумы болып отыр.

G-GLOBAL - бұл әлемдік дамудың ғаламдық мәселелерін талқылауға арналған әлемдік данагөйлер бас қосқан көпқызметті Ғаламтор платформасы.

G-GLOBAL коммунникативті алаңы қысқа мерзім ішінде 150 елден 30000 мың пайдаланушыны біріктірді.

Әлемдік қауымдастық пен Қазақстан интеллектуалдарының әлеуметтік желісі бүкіл әлем болашағына қатысты кең ауқымды мәселелердің шешімін іздеумен айналысуда. Күн сайын әлемдік сараптау қауымдастығына әлеуметтік- экономикалық, саяси, мәдени, демографиялық және басқа да көптеген мәселелер бойынша интерактивті, ашық көпшілік пікірталас өткізуге жағдай жасалуда.

**Мақсаттары мен міндеттері:**

- Әлемдік сараптау қауымдастығының қатысуымен интерактивті, ашық, жұрт алдындағы пікірталас пен дебаттар үшін жағдай туғызу;

- Қазақстандық және шетелдік сарапшылар идеясы және тәжірибесімен алмасу;
- Жобаларды талқылау мен жүзеге асыруға арналған ең өзекті деген сарапшы жұмыстарды анықтау;
- Әлемдік қауымдастықта Қазақстан сарапшыларының имиджі мен рөлін көтеру;
- Жаңашыл және өндірістік бизнес идеяларындағы инвестицияларды тартуға көмектесу.

Жобаны қолдағандар: 14 Нобель лауреаты Роберт Манделл, Джон Нэш, Роберт Корнберг, Эрик Маскин, Джон Ауманн, Финн Кидланд, Джеймс Миррлис және т.б.; халықаралық ұйымдар, бизнес, білім беру және ғылым өкілдері.

#### **Барлық әлемнің өкілдері келесі бөлімдерге қатыса алады:**

1. Сараптамалық шолу (қазіргі заманның өзекті мәселелері бойынша білгірлер пікірі)
2. Бизнес жобалар (бизнес жоба идеясына сарапшылардың шолу жасауына мүмкіндік беру, осы жобаны іске асыру үшін инвестицияға тарту, ең бастысы – жақсарту бойынша кеңес алу және ұсыным беру)
3. Жарияланымдар (ғылыми зерттеулер, аналитикалық жұмыстар мен сынақтар нәтижелері мен қорытындылары)
4. Дебаттар (саясат, экономика, бизнес және тағы басқалардың өзекті мәселелері бойынша пікір таластыра алатын екі және одан да көп оппоненттер алаңы)
5. Блогтер (қоршаған ортадағы оқиғаларға қалыпты заттарға «кәсіби емес» түрде жаңаша қарау)
6. Жаңа жоба – «АЙ АДАМЫ» онлайн конференциясы (шақырылған қонақтарға – Қазақстан мен әлемнің белгілі тұлғаларына сұрақ қою мүмкіндігі).

#### **G-Global байқаулары**

Жыл сайын коммуникациялық алаңда түрлі тақырыптар мен 3 300 000 теңгеге дейінгі жүлделі қор аталымы бойынша байқаулар өткізіледі. Ағымдағы жылы бірнеше аталымдарда жүлделер айналды, атап айтсақ: «Үлкен жиырмалықтар» үшін үздік ұсынымдар- G-20», «Бірыңғай әлемдік валютаға көшу бойынша жол картасы», Үздік мақала авторы, Үздік модератор, Үздік сарапшы, Үздік комментатор, Топ жоба, Топ шолу, Топ дебаттар, 50 Топ қатысушы. Байқау қорытындысы бойынша жеңімпаздарға салтанатты жағдайда Астана экономика форумы күндері дипломдар мен ақшалай сыйлықтар табыс етілді.

Жобаға қатысуға тілек білдірген ҚазАТУ оқытушылары мен студенттері «қатысушы» ретінде немесе «сарапшы» ретінде <http://www.group-global.org> сайтында тіркеле алады.

ЖОО қызметкерлері мен студенттері үшін жарияланымдар орналастыру бойынша артықшылықтар:

1. Форумға үздік жұмыстар жинағын шығару сайтқа орналастырылған материалдан үздік жарияланымдар алдағы форум жинағына орналастыру үшін тандап алынады;
2. Барлық әлемнің ғылыми қызметкерлерінің ғылыми идеялары және тәжірибелерімен алмасу;
3. Жаһандық деңгейде ғылыми байланыс орнату;
4. G-Global сайтында орналастырылған барлық ғылыми мақалалар мен жарияланымдар бойынша ресми жарияланған мәртебесін беру бойынша жұмыстар жүргізілуде;
5. Жаһандық өзекті мәселелерді үздік шешу конкурстарын өткізу, мысалы, бірыңғай әлемдік валюта мәселесі.

Барлық ПОҚ, университет білім алушыларына жобаға қатысуға ниеттілер университеттің Ғылым және инновациялық қызмет департаментіне (Бас ғимараты, 612 каб.) тақырыпты анықтау мен тіркеу үшін алдын ала хабарласуы керек.

G-Global ғаламтор алаңы коммуникативтік сайтында жарияланымдарды орналастырғаннан кейін (немесе жобадағы дебаттар, сарапшы пікірі, жоба, конкурс және т.б.) сондай-ақ Жобаға қатысу мен жарияланған материалдар туралы ақпаратты Ғылым мен инновациялық қызмет департаментіне беру қажет (Автордың Т.А.Ә., тақырыбы, жарияланым/жоба атауы, G-Global порталында орналастыру күні).

«Ғалымдардың Еуразиялық экономикалық клубы» ассоциациясы 2008 жылы ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Еуразиялық ғалымдар клубын құру туралы бастамасын жүзеге асыру мақсатында құрылған. Ассоциацияның мақсаты мен міндеттері экономикалық даму мен әлемдік қауымдастықтың әлеуметтік даму мәселелерін шешу үшін экономист-ғалымдар мен тәжірибешілер, қоғамдық және халықаралық ұйымдар өкілдерінің күшін біріктіруге негізделген.

Ассоциацияға ғылыми ұйымдар, көрнекті қоғамдық және саяси қайраткерлер, 100 астам елдің экономист-ғалымдары мен тәжірибешілері кіреді. Сонымен қатар, ассоциация мүшелігіне экономика бағыты бойынша Нобель сыйлығының лауреаттары да кіреді. Мәселен, Роберт Манделл, Роберт Ауманн, Финн Кидланд, Джон Нэш, Эрик Маскин, сэр Джеймс Миррлис, Роджер Корберг, Эдмунд Фелпс. Ассоциация мүшелігінің ауқымдылығы ғылыми ресурстарды тиімді пайдалана отырып, түрлі ғылыми-зерттеу жобаларға қатысып, сарапшылық етуге мүмкіндік береді.

Ассоциация өз мүшелеріне ғылыми және тәжірибелік тұрғыдан ақпаратпен, идеялар мен жобалармен алмасуға мүмкіндік береді.

Ассоциация жобаларының бірі - Астана экономикалық форумын өткізу болып отыр.

Қазақстан аясындағы және әлемдік деңгейдегі мәселелерді талқылау мақсатында ҚР Президенті Әкімшілігі мен Үкіметі қолдауымен жыл сайын өтетін Форумға саяси және іскерлік қауымдастық, академиялық орта мен қоғамдық және БАҚ өкілдері қатысады. Бұл Форумда ҚР Президенті мен Премьер Министрі, экономика бағытының Нобель сыйлығының иегерлері, атақты экономистер мен халықаралық ұйым өкілдері мен бизнес әлемінің ірі тұлғалары сөз сөйлейді.

#### **Миссия:**

Экономикалық даму мен әлемдік қауымдастықтың әлеуметтік даму мәселелерін шешу үшін экономист-ғалымдар мен тәжірибешілер, қоғамдық және халықаралық ұйымдар өкілдерінің күшін біріктіру.

#### **Мақсаты:**

- ғылыми қызметті ұйымдастыру мен басқаруда идеялар мен тәжірибе алмасуға жан-жақты түрде жағдай жасау
- әлеуметтік-экономикалық жобалардың инновациялық қызметін белсендету және жүзеге асыру мақсатында инвесторлар мен тапсырыс берушілерді тартуға жағдай жасау

#### **Қызметтің негізгі бағыттары:**

- Еуразиялық кеңістік пен әлемдік қауымдастықтың әрі қарай дамуына ықпал ететін экономикалық даму мәселелерін шешу үшін экономист-ғалымдар мен тәжірибешілер, қоғамдық және халықаралық ұйымдар өкілдерінің күшін біріктіру;
- Жаһандық экономикалық жүйеде дағдарыстың алдын-алуы үшін Үкіметке ұсыныстар әзірлеу;
- Инвесторлар мен тапсырыс берушілерді тартуға жағдай жасау;
- Инновациялық қызметті белсендетуге жағдай жасау.